

«Келісілді»

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасы» КММ басшысының
техникалық және кәсіптік білім беру
жөніндегі орынбасары

А.Е. Абдрахманов

желтоқсан 2025 жыл

«Бекітілді»

Директор м.а «Мағжан Жұмабаев
атындағы жоғары колледж» МКҚК

Қошанова А.Қ.

желтоқсан 2025 жыл

«TeachFest: ТАБЫСҚА ШАБЫТТАНДЫРАТЫН ТӘЖІРИБЕ» республикалық кәсіби шеберлік байқауын өткізу туралы ереже

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы Жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «TeachFest: табысқа шабыттандыратын тәжірибе» республикалық кәсіби шеберлік сайысын (бұдан әрі Байқау) өткізеді.

Педагогикалық практика – мұғалімнің кәсіби даярлау жүйесіндегі аса маңызды бағыт, ол болашақ маманның базалық және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға, практикалық тәжірибе алуға, болашақ кәсіби қызметтің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Конкурстың негізгі мақсаты – кәсіби (педагогикалық) практика барысында жоғары кәсіби құзыреттілік, практикалық дағдылар мен инновациялық тәсілдерді корсететін, шығармашылықпен жұмыс істейтін талантты студенттерді анықтау, қолдау корсету және ынталандыру.

Конкурстың міндеттері:

- педагогикалық мамандықтар студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне тұрақты қызығушылық пен оң көзқарас қалыптастыру;
- заманауи білім беру технологияларын, интерактивті әдістер мен практикалық бағытталған оқу түрлерін қолдану саласындағы құзыреттіліктерді дамыту;
- кәсіби дайындық кезеңінде жоғары нәтижелер көрсеткен студенттердің табысты тәжірибесін анықтау және тарату;
- қатысушылардың жеке, шығармашылық және кәсіби әлеуетін ашуға арналған жағдайлар жасау;
- техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мәртебесін арттыру;
- жас мамандардың кәсіби қауымдастығын дамытуға және педагогикалық практикалардың сабақтастығын нығайтуға жәрдемдесу.

«TeachFest: табысқа шабыттандыратын тәжірибе» техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру студенттеріне арналған республикалық кәсіби шеберлік байқауы Қазақстан Республикасы «Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «СҚО

бойынша Кәсіби даму институты», Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы (КММ) бекіткен **байқаулар тізбесіне енгізілді**. Байқау педагог қызметкерлерінің аттестациясында ескеріледі және мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы «Ұстаз» сайтында жарияланатын болады.

II. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР МЕН ОҒАН ҚАТЫСУШЫЛАР

Байқау ұйымдастырушылары «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК.

Байқауға қатысуға республиканың педагогикалық мамандықтар дайындайтын колледждерінің білім алушылары шақырылады.

III. БАЙҚАУ БАҒЫТТАРЫ

Байқау педагогикалық мамандық студенттері оқу кезеңінде өтетін негізгі практикалық бағыттар бойынша өткізіледі:

1. Сыныптан тыс жұмыс технологиясы;
2. «Мамандыққа кіріспе» практикасы;
3. Мамандық профилі бойынша байқау практикасы (мектеп, бала бақша);
4. Сауықтыру демалыс лагерінде жазғы практиканы ұйымдастыру;
5. «Баланың мектептегі алғашқы күндері» практикасы;
6. Диплом алды практикасы.

IV . БАЙҚАУДЫ ОТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Конкурс онлайн форматта және тегін өткізіледі. Конкурсқа материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде электронды түрде қабылданады.

Әр колледжден конкурсқа ұсынылатын әдістемелік материалдардың саны бес данадан аспауы тиіс. Материалдар жеке авторлық болуы керек, ортақ авторлықпен дайындалған жұмыстар қабылданбайды.

Конкурсты өткізу кезеңдері:

19.01.2026 ж. дейін – байқауға отінімдер мен материалдарды қабылдау;
20-27.01.2026 ж. – байқау материалдарын сараптамалық қарастыру;
28.01-04.02.2026 ж. – байқау қорытындыларын шығару және нәтижелерді жариялау;
04-11.02.2026 ж. – марапаттау құжаттарын (сертификаттар, дипломдар) жіберу.

Конкурсқа қатысу үшін 2026 жыл **19 қаңтарға дейін** байқауға қатысушының өтінімін және байқау материалына, қоса плагиатқа тексерілгендігі туралы анықтамасын (Қосымша 1) электрондық пошта арқылы praktika191@mail.ru (Макажанова Жұлдыз Максұтқызы, тел. +7 705 255 4282) жіберу қажет.

V. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Байқауға тек көрсетілген бағыттарға сәйкес әдістемелік материалдар қабылданады. Студенттің жұмысы кәсіби (педагогикалық) практиканың нәтижелерін көрсетуі тиіс.

Байқау материалдарын ұсынудың келесі түрлері рұқсат етіледі:

- қысқамерзімді сабақ жоспарлары;
- сыныптан тыс іс-шаралар сценарийі;
- авторлық дидактикалық ойынның сценарийі;
- балалармен жұмыс істейтін тренингтік бағдарлама;
- балаларды қолданбалы шығармашылыққа үйретуге арналған техника көрсетілімін фототальбом түрінде көрсету (сурет салу, мүсіндеу, аппликация балаларды дамыту түрі ретінде);
- бір пән бойынша дидактикалық материалдар жинағы;
- практика бағыттары бойынша цифрлық білім беру ресурстары.

Әдістемелік материалдарды конкурсқа ұсынудың басқа формалары қабылданбайды.

Әдістемелік материалдардың мазмұны мыналарды көрсетуі тиіс:

- заманауи білім беру технологияларын меңгеру;
- интерактивті оқыту әдістерін қолдану қабілеті;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда шығармашылық көзқарас;
- практикалық маңыздылық;
- әдістемелік идеялардың инновациялығы.

Материалдар тәжірибенің қысқаша сипаттамасын, таңдалған әдістердің негіздемесін және олардың тиімділігін көрсетуі керек.

Конкурс жұмыстарына қойылатын мазмұн мен рәсімдеу талаптарымен Қосымша 2, бағалау критерийлерімен Қосымша 3 танысуга болады.

VI. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Байқауға қатысушылардың жұмыстарын педагогика және цифрлық технологиялар саласындағы жетекші мамандар мен сарапшылардан тұратын қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының құрамына республикадағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өкілдері кіреді (4-қосымша).

Жеңімпаздар әрбір байқау санаты бойынша анықталып, бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Сараптама комитеті таныған ең үздік байқау жұмыстарына келесі санаттарда сертификаттар беріледі:

- «Жарқын кәсіби бастама»
- «Цифрлық серпіліс»
- «Үздік практика жаңалығы»
- «Әдістемелік инсайт»
- «Тренингтегі серпіліс»
- «Авторлық педагогикалық өнім»
- «Оқытудың ең жарқын сәті»

Байқау нәтижелері 2026 жылдың 4 ақпанына дейін жарияланып, колледждің colmagzhan.kz веб-сайтында (Қызмет салалары/Оқу және өндірістік жұмыс) жарияланады. Марапаттау материалдарын (дипломдар, сертификаттар және байқау хаттамасы) <https://clck.ru/3QZ4mD> сілтемесі бойынша жүктеп алуға болады.

Анықтама үшін байланыс телефондары:

Жакина Әсем Марланқызы, директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары 8 747 347 4857

Макажанова Жұлдыз Мақсұтқызы, колледж әдіскері 8 705 255 4282

Қосымша 1.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

Студенттің аты-жөні	
Жетекшінің аты-жөні	
Жетекшінің лауазымы, академиялық дәрежесі	
Жетекшінің жұмыс орны	
Сайыс бағыты	
Сілтеме (кажет болған жағдайда)	
Байқауға жіберілген әдістемелік материалдың формасы	
Жетекшінің байланыс телефон номері	
Жетекшінің электрондық поштасы	
Плагиат жөніндегі анықтаманың болуы («+» белгі қою)	

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

I. Қысқа мерзімді сабақ жоспарлар

Байқау критерийлеріне сәйкес келетін бір қысқа мерзімді оқу жоспарын (3-қосымша) электронды нұсқада: А4 форматында, MS Office Word бағдарламасы. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12, бір аралық интервал, абзацтық шегініс - 1,25 см. Жиектері 2 см болуы тиіс. Жоспарланған сабаққа қажетті барлық ресурстарды (слайдтар, оқу материалдары, бейне және аудио жазбаларға сілтемелер, сандық платформалар және т.б.) бөлек тіркеңіз. Бір файл pdf форматында осылай белгілеп жібересіз: Сайыс № __ автордың тегі, мысалы: *Сайыс № 1 Мақажанова*

II. Сыныптан тыс іс-шаралар сценарийлері

Байқау критерийлеріне сәйкес келетін бір сыныптан тыс іс-шара сценарийін (3-қосымша) электронды нұсқада: А4 форматы, MS Office Word бағдарламасында. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12, бір аралық интервал, абзацтық шегініс - 1,25 см. Жиектері 2 см болуы тиіс. Жоспарланған сабаққа қажетті барлық ресурстарды (слайдтар, оқу материалдары, бейне және аудио жазбаларға сілтемелер, сандық платформалар және т.б.) бөлек тіркеңіз. Бір файл pdf форматында осылай белгілеп жібересіз: Сайыс № __ автордың тегі, мысалы: *Сайыс № 2 Мақажанова*

III. Авторлық дидактикалық ойынының сценарийі

Байқау критерийлеріне сәйкес келетін (3-қосымша) бір арнайы білім беру ойынының сценарийінің электронды нұсқасы: MS Office Word бағдарламасындағы А4 форматы. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12, бір аралық интервал, абзацтық шегініс - 1,25 см. Жиектері 2 см болуы тиіс. Жоспарланған сабаққа қажетті барлық ресурстарды (слайдтар, оқу материалдары, бейне және аудио жазбаларға сілтемелер, сандық платформалар және т.б.) бөлек тіркеңіз.

IV. Балалармен жұмыс істеуге арналған тренинг бағдарламасы

Байқау талаптарына сәйкес тренинг бағдарламасының жобасы (Қосымша 3) электронды нұсқада: А4 форматы, MS Office Word редакторында. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12, бір аралық интервал, абзацтық шегініс - 1,25 см. Жиектері 2 см болуы тиіс.

Тренинг бағдарламасының құрылымы:

Титулды бет (бағдарлама атауы, автордың ТАӘ, дата);

Кіріспе (тренингтің өзектілігі, мақсатты аудиторияның қысқаша сипаттамасы);

Негізгі бөлім (тренингтің мақсаттары мен міндеттері, материалдар мен ресурстар);

Қорытынды (күтілетін нәтижелер, бағдарламада түрлі топтар үшін бейімдеуді қолдану мүмкіндігі);

Қосымшалар (егер қажет болса).

Қосымша ресурстарды қосу: Бағдарламаны әзірлеуге арналған барлық қажетті ресурстарды (слайдтар, дидактикалық материалдар, бейнемазмұн мен аудиожазбаларға сілтемелер, цифрлық платформалар және т.б.) жеке тіркеу қажет.

Бір файл pdf форматында осылай белгілеп жібересіз: Сайыс № ____ автордың тегі, мысалы: **Сайыс № 4 Мақажанова**

V. Фотоальбом - балаларды қолдабалы шығармашылыққа үйрету техникасының демонстрациясы (сурет салу, мүсіндеу, аппликация) ретінде

Фотоальбом MS Office PowerPoint бағдарламасында бір файлда беріледі. Слайдтар саны: 10-нан кем 20-дан артық болмауы тиіс. Слайдтар өлшемі: А4. Слайдтардың фоны фотосуреттер мен түсіндірмелер айқын көрінуі үшін біркелкі болуы тиіс. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12–14, бір аралық интервал, мәтіннің орналастырылуы – көлденеңінен. Әр слайда бір фотосурет (қажет болса, екі шағын фотосурет болуы мүмкін, бірақ екіден артық емес). Әр фотосурет астындағы түсіндірмелік жазбада онда не бейнеленгені, қандай іс-әрекет немесе процесс көрсетілгені сипатталып түсіндіріледі. Түсіндірмелік жазба нақты, қысқа және ақпаратты болуы керек (1–3 сөйлем). Фотоальбом конкурс талаптарына сәйкес болуы тиіс (Қосымша 3). Объектілер мен процестердің анық көрінісін қамтамасыз ететін сапалы фотосуреттерді пайдаланған жөн.

Бір файл pdf форматында осылай белгілеп жібересіз: Сайыс № ____ автордың тегі, мысалы: **Сайыс № 5 Мақажанова**

VI. Бір пән бойынша дидактикалық материалдар жинағы

Дидактикалық материалдар жинағы байқау талаптарына сәйкес болуы тиіс (Қосымша 3). Электрондық нұсқада: А4 форматы, MS Office Word редакторында. Қарпі: Times New Roman, өлшемі 12, бір аралық интервал, абзацтық шегініс - 1,25 см. Жиектері 2 см болуы тиіс. Беттері нөмірленіп, олар колонтитулдарда орналассын.

Жинақ құрылымы келесідей:

Титулдық бет – оқу құралының атауы, автордың аты-жөні, басып шығарылған орны мен жылы.

Мазмұны – әр бөлім мен тараудың беттерін көрсету.

Негізгі материал – мазмұнға сәйкес келетін материалдар.

Жұмыстың көлемі: беттер саны 25-50 бет.

Бір файл pdf форматында осылай белгілеп жібересіз: Сайыс № ____ автордың тегі, мысалы: **Сайыс № 6 Мақажанова**

VII. Тәжірибе бағыттары бойынша цифрлық білім беру ресурстары

Цифрлық білім беру ресурстары мобильді қосымша, веб-платформа, электрондық оқулық, интерактивті тапсырмалар, видеосабактар, ойындық білім беру платформалары, тренажерлер, викториналар немесе балалардың оқуы мен дамуын қолдайтын кез келген басқа цифрлық өнімдер болуы мүмкін. Ресурс әртүрлі құрылғыларда (ПК, планшеттер, смартфондар) және операциялық жүйелерде (Windows, macOS, Android, iOS) қолжетімді болуы керек. Веб-платформалар мен қосымшалар үшін олар танымал браузерлерде (Google Chrome, Mozilla Firefox, Safari, Microsoft Edge) дұрыс жұмыс істегені абзал. Қосымша немесе платформа мобильді құрылғыларға бейімделген болуы керек (егер бұл мобильді қосымша немесе веб-қосымша болса). Интерфейс түсінікті, навигациясы қисынды, тым күрделі болмағаны жөн. Ресурс өзі атаған функцияларын орындап, нақты білім беру міндеттерін шешуі керек. Мысалы, бұл тесттер, интерактивті сабақтар, тапсырмалар, бейнемазмұндар, тәжірибе мен жаттығуларға арналған ресурстар, деректер базасы және т.б. Қарпі, түстері мен интерфейс элементтері оқуға жеңіл, қолжетімділік стандарттарына сәйкес келін, ұзақ уақыт бойы қолданған кезде көздің шаршауына әкелмей, ыңғайлы болғаны жөн. Көрнекі элементтері мен дизайны білім беру тақырыбына сәйкес келіп, қызметімен үйлескені абзал.

Байқау материалын Google Дискіге жүктеп, сілтемесін өтінімде көрсетіңіз.

Талаптарға сай рәсімделмеген жұмыстар қабылданбайды!

Қосымша 3.

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЛЕРІ

I. Қысқа мерзімді сабақ жоспарлар

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Білім беру стандарттары мен мақсаттарына сәйкестігі	5
2	Инновация және шығармашылық	5
3	Жоспарлау құрылымы мен логикасы	5
4	Нақты өмірге практикалық жарамдылығы	5
5	Оқу жетістіктерін бағалау әдістерінің нақтылығы мен әралуандылығы	5
6	Оқушыға жеке тұрғыдан қарау	5
7	Пәнаралық байланыстардың интеграциясы	5
	Барлығы:	35

II. Сыныптан тыс іс-шаралар сценарийлері

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	5
2	Инновация және өзіндік ерекшелік	5
3	Сценарий құрылымы мен логикасы	5
4	Әлеуметтік маңыздылығы және тәрбиелік құндылығы	5
5	Нақты өмірге практикалық жарамдылығы	5
6	Жұмыс формалары мен әдістерінің әралуандылығы	5
7	Сценарийді безендіру сапасы	5
	Барлығы:	35

III. Авторлық дидактикалық ойынының сценарийі

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	5
2	Қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану	5
3	Оқыту процесін ұйымдастырудың әдістері мен формалары	5
4	Дидактикалық ойынның құрылымдылығы мен бірізділігі	5
5	Ойынға қажетті ресурстардың қолжетімділігі	5
6	Білім беру тиімділігі	5
7	Ойынның эмоциялық құрамы мен білімалушының ынталануы	5
	Барлығы:	35

IV. Балалармен жұмыс істеуге арналған тренинг бағдарламасы

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру және дамыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	5
2	Тренинг бағдарламасын құрудағы құрылымдылық және қисындылық	5
3	Әлеуметтік маңыздылығы және тәрбиелік құндылығы	5
4	Балалардың жастық және жеке ерекшеліктерін ескеру	5
5	Балалармен жұмыс түрлері мен әдістерінің әралуандылығы	5
6	Тренингке қажетті ресурстардың қолжетімділігі	5
7	Ойынның эмоциялық құрамы мен білім алушының ынталануы	5
	Барлығы:	35

V. Фотоальбом – балаларды қолданбалы шығармашылыққа үйрету техникасының демонстрациясы (сурет салу, мүсіндеу, аппликация) ретінде

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Білім беру стандарты мен мақсаттарына сәйкестігі	5
2	Идеяның ерекше болуы және стандарттан тыс материалдарды қолдану	5
3	Корнекілігі және қолжетімділігі	5
4	Жұмыс кеңістігін дайындау және ұйымдастыру	5
5	Бала жасына сәйкес техниканы пайдалану	5
6	Педагогикалық шеберлік	5
7	Материалдарды рәсімдеуі және ұсынуы	5
	Барлығы:	35

VI. Бір пән бойынша дидактикалық материалдар жинағы

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Білім беру стандарты мен мақсаттарына сәйкестігі	5
2	Материалдардың әралуандығы және көп түрлігі	5
3	Құрылымының нақтылығы және қисындылығы	5
4	Әдістемелік құндылығы	5
5	Тәсілдердің инновациялығы және даралығы	5
6	Нақты өмірде қолданылуы және бейімділігі	5
7	Материалды безендіру және корсету сапасы	5
	Барлығы:	35

VII. Тәжірибе бағыттары бойынша цифрлық білім беру ресурстары

№	Бағалау критерилері	Баллдары
1	Білім беру стандарты мен мақсаттарына сәйкестігі	5
2	Материалдардың әралуандығы және көп түрлігі	5
3	Қолдануға ыңғайлылығы және қолжетімділігі	5
4	Әдістемелік құндылығы	5
5	Контент сапасы мен білім беру құндылығы	5
6	Нақты өмірде қолданылуы және бейімділігі	5
7	Материалды безендіру және көрсету сапасы	5
	Барлығы:	35

БАЙҚАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы:

Абдрахманов Амангельды Есләмбекұлы, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі басшысының орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

1. **Зейнуллин Бауыржан Жанатұлы**, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
2. **Қошанова Айымгүл Қайратқызы**, директор м.а., «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
3. **Жакина Әсем Марланқызы**, бірінші біліктілік санатындағы оқу-өндірістік ісі жөніндегі директордың орынбасары, педагог-сарапшы, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
4. **Бикбаева Вера Павловна**, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, педагог-зерттеуші, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
5. **Жанбекова Алтынай Есенгелдіқызы**, бірінші біліктілік санатындағы ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары, педагог-шебер, «Информатика және ЕТ» магистрі, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
6. **Мақажанова Жұлдыз Мақсұтқызы**, колледж әдіскері, педагог-сарапшы, философия доктор (PhD), «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
7. **Калмыкова Татьяна Васильевна**, Бастауыш білім беру бөлімі меңгерушісі, педагог-сарапшы, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
8. **Кожакенова Самал Рамазанқызы**, Негізгі орта білім беру бөлімі меңгерушісі, педагог-сарапшы, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
9. **Саримова Асель Талгатқызы**, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, музыкалық білім беру бөлімі меңгерушісі, педагог-модератор, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ.;
10. **Малгаждарова Құндыз Габдолқызы**, Ақпараттық пәндер бөлімі меңгерушісі, педагог-модератор, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ..

БАЙҚАУДЫҢ ӘДІЛ-ҚАЗЫЛАР ҚҰРАМЫ

I. Қысқамерзімді сабақ жоспарлары

Аскарова Армангүл Каленқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-шебер, педагогика ғылымдарының магистрі, «К. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі» МКҚК, Атырау қ.;

Бежик Людмила Петровна – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Зикрина Алмагүл Серікқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-сарапшы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж» МКК ШҚЖ, Павлодар қ.;

II. Сыныптан тыс іс-шаралар сценарийі

Махаметчин Ернар Дулатұлы – екінші біліктілік санатындағы ӨӨІ жөніндегі директордың орынбасары, «Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледж» МКҚК, Саран қ.;

Омарова Бағлан Советқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-сарапшы, филология ғылымдарының магистрі, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Белгібекова Әсем Болатқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, «Педагогика и психология» кафедрасының меңгерушісі, «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Петропавл қ..

III. Авторлық дидактикалық ойынның сценарийі

Есмұратова Қымбат Гиниятқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, «Шет тілдер колледжі» ЖМ, Қарағанды қ.;

Завертяева Ирина Васильевна – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Саурбаева Салтанат Беркутқызы – педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қаласы әкімдігінің «№ 9 «Зерде» мамандандырылған лицей» КММ, Астана қ..

IV. Балалармен жұмыс істейтін тренингтік бағдарлама

Мұратқызы Арман – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі, «Астана халықаралық университетінің жоғары педагогикалық колледжі», Астана қ..

Мухамадиева Алия Даниярқызы – колледж әдіскері, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі, «М. Жұмабаев атындағы жоғары

колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Құттымбетова Торғын Науанқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-эксперт, педагогика ғылымдарының магистрі, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ..

V. Балаларды қолданбалы шығармашылыққа үйретуге арналған техника көрсетілімін фотоальбом түрінде көрсету (сурет салу, мүсіндеу, аппликация балаларды дамыту түрі ретінде)

Булатова Гульшат Маратқызы – «СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Ақ көгершін» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі;

Тихонова Оксана Леонидовна – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-эксперт, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Жакина Әсем Марланқызы – бірінші біліктілік санатындағы оқу-өндірістік ісі жөніндегі директордың орынбасары, педагог-сарапшы, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ..

VI. Бір пән бойынша дидактикалық материалдар жинағы

Жоламанова Таиндық Молдағалиқызы — бірінші біліктілік санатындағы оқу-өндірістік ісі жөніндегі директордың орынбасары, педагог-шебер, педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстанның педагогика ғылымдары академиясының мүшесі, «Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК, Көкшетау қ..

Саржанова Айнагүл Николайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика факультетінің деканы, «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Петропавл қ.;

Мақажанова Жұлдыз Мақсұтқызы – колледж әдіскері, педагог-сарапшы, философия докторы (PhD), «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК, Петропавл қ..

VII. Практика бағыттары бойынша цифрлық білім беру ресурстары

Сыздыкова Лязат Таспергенқызы, ООІ жөніндегі директордың орынбасары, «Астана қаласының Мағжан Жұмабаев халықаралық колледжі» ЖШС, Астана қ.;

Кұдыкенова Жұлдыз Маратқызы – арнайы пәндер оқытушысы, педагог-сарапшы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, «М. Жұмабаев атындағы жоғары колледж» МКҚК «Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» КММ, Петропавл қ.;

Турсунбеков Алмаз Жомартұлы – білім беру магистрі, «Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК әдіскері, Астана қ..